

«БЕКІТЕМІН»
«М. Өскінбаев атындағы Маңғыстау
облыстық филармониясы» МКҚК
директоры Б.Базарбаев

« _____ » 2022 ж

**«М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы»
МКҚК мен оның еншілес ұйымдарының сатып алу қызметі
саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
Стандарты**

1. «М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы» МКҚК мен оның еншілес ұйымдарының сатып алу қызметі саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бұдан әрі – Стандарт «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ЗРК Заңының 10-бабына, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігі, 2016) сәйкес әзірленген және «М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы» МКҚК бұдан әрі – Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының сатып алу қызметі саласындағы тыйым салу, шектеулер мен рұқсаттар жүйесі болып саналады.

2. Стандарттың мақсаты Кәсіпорын қызметкерлерінің Кәсіпорынның қызметінде сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты және сыйбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзбестікті арттыруы болып табылады.

3. Стандарттың міндеттері:

1) Кәсіпорын және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласында жұмыс істейтін тұлғаларында тұрақты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыйбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың теріс салдарларын болдырмау;

3) Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласындағы қызметінің тиімділігін, айқындылығын арттыру болып табылады.

4. Стандарттың принциптері:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) этикаға сәйкестілігі;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыйбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделерін қақтығысына жол бермеу болып табылады.

5. Стандарт Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласында жұмыс істейтін тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың белгіленген қағидаларын мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған іс-қимылдары мен шешімдерін белгілейді.

6. Стандарт Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының сатып алу қызметінде сатып алу процесін жүзеге асыру кезінде қолданылады және оның талаптары Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласында жұмыс істейтін барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері Стандарттың орындалмағаны және тиісінше орындалмағаны үшін дербес жауапты болады.

2. Әзірлеуші

7. Стандарттың әзірлеушісі Кәсіпорынның Сатып алуды үйлестіру және мониторингтеу департаменті болып табылады.

3. Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласында жұмыс істейтін тұлғаларының мінез-құлық іс-әрекет қағидасы, шектеулер мен тыйым салулар

8. Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласында жұмыс істейтін тұлғалары жеке және заңды тұлғалардың сатып алу саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда;

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Үкіметінің актілерін, «Самұрқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және Кәсіпорынның Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдерін, сондай-ақ Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының жарғыларын басшылыққа алуы;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылау айқындылығын қамтамасыз етуі;

3) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғамның тарапынан сынға себеп болдырмау, сын үшін қудалауға жол бермеу, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану;

4) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде, өзі немесе үшінші тұлғалар үшін пайда табу мақсатында сатып алу процесін жүзеге асыру кезінде Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдары құрылымдылық бөлімшелерінің, өзге де ұйымдар мен тұлғалардың қызметіне әсер ету үшін қызметтік жағдайын пайланбауы;

5) шындыққа сәйкес келмейтін мәлімдемелерді таратпауы;

6) Қазақстан Республикасының заңдарымен тәртіптік, әкімшілік не болмаса қылмыстық жауапкершілік көзделген қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеу;

7) өзінің міндеттерін орындаумен байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, қызметтер мен өзге де артықшылықтарды қабылдамауы;

8) мүліктікті және мүліктік емес игіліктерді және артықшылықтарды алу немесе олардан пайда түсіру мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік құпия және өзге ақпаратты пайдаланбауы;

9) өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде іскерлік этикетін және белгіленген ресми тәртіп қағидаларын сақтауы тиіс;

9. Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласында жұмыс істейтін тұлғалары өз құзіреті шегінде шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) пайда болған мүдделер қайшылығы немесе оның пайда болу мүмкіндігі туралы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік туралы, белгілі болған сыбайлыс жемқорлық фактілері туралы, материалдарды тездетіп қарау үшін қандай да бір пайда табуға итермелеу туралы әуре-сарсаңға салу фактілері туралы бұл жайында белгілі болған сәтте өздері жұмыс істейтін ұйымның тікелей басшысына немесе басшылығына баяндауы;

2) қайсы бір мәселелерді шешу кезінде мүліктік пайда табу, игілік үшін немесе артықшылық алу үшін әріптестерге, басшыларға және өзге лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеуі және қызмет бабында емес қызметтер көрсетпеуі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде, сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтарды ашу кезінде белсенділік танытуы;

4) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күдік туған жағдайда, тікелей басшысына жазбаша түрде хабарлауы;

5) жеке пайда көрумен байланысты кәсіпкерлікті немесе өзге қызметті жүзеге асыру кезінде қайсы бір адамға көмек көрсетуден тартынуы;

6) мүдделер қайшылығын болырмау бойынша шаралар қабылдауы тиіс.

10. Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мәселелері бойынша ішкі құжаттарының жобаларын қарау кезінде Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері;

1) сыбайлас жемқорлық және құқыққа қайшы сипаттағы заңға қарсы өзге әрекеттерді жасау үшін алғышарт жасайтын сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтауға арналып қабылданған ішкі құжаттарға талдау әрі сараптау жүргізуі және алдын алу шараларының тиісті жобаларында оларды көрсетуі;

2) сыбайлас жемқорлыққа мониторинг және бұрын қабылданған ішкі құжаттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізуі, оларда сыбайлас жемқорлық нормаларының болуы анықталған жағдайда, оларды жою бойынша шаралар қабылдауы;

3) өзі және үшінші тұлғалар үшін пайда табу мақсатында Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының нормативтік-құқықтық актілерін, жергілікті актілерін әзірлеуге жол бермеуі;

4) сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылыққа жағдай жасайтын дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды болдырмауы тиіс.

11. Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының басшылары:

1) бағынысындағы қызметкерлердің қызметтік өкілеттіліктерінің міндеттерін және көлемін нақты әрі айқын белгілеуі;

2) бағынысындағы қызметкерлердің арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеуі;

3) Кәсіпорын қызметкерлері қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік және жан-жақтылық танытуы;

4) бағынысындағыларға анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдылық міндеттерінің шеңберінен шығатын, сондай-ақ заңға қайшы келетін өкімдерді бермеуі;

5) бағынысындағыларға ықпал ету және қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу мақсатында қызмет бабын пайдаланбауы;

6) сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар жасауға бағынысындағыларды мәжбүрлемей;

7) қолданыстағы заңнамаға және Стандартқа сәйкес қызметкерлердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында оларда пайда болған мүдделер қайшылығын реттеу бойынша дер кезінде түпкілікті шаралар қабылдауы;

8) тендерлік/сараптау комиссиясының қызметіне және тендерлік/сараптау комиссиясының шешім қабылдауына қандай да қысым көрсетпеуі;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз етуі, Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының меншігін қызметтік мақсаттарда ұтымды әрі тиімді пайдалануы тиіс.

12. Кәсіпорында және оның еншілес ұйымдарында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қоғам қайраткерлері:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражаттарды оңтайлы әрі тиімді жұмсауы;

2) «Самрұқ - Қазына» ұлттық әл-әуқат қоры» акционерлік қоғамының, Кәсіпорынның және оның еншілес ұйымдарының жергілікті актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, жүзеге асырылатын сатып алуға қатысу үшін барлық әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер беруі;

3) сатып алу процестерінің ашықтығын және мөлдірлігін қамтамасыз етуі;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуі тиіс.